

ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАР

«Қаржы және есеп» кафедрасының ғылыми-зерттеу жұмыстары

«Қаржы және есеп» кафедрасында күнтізбелік және оқу жылдарына ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспары түзіліп, соған байланысты жүргізіледі.

Кафедра ұжымы 3 бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді:

1. Қолданбалы және іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстары

18.02.2015 ж. Мемлекеттік тіркелу нөмірімен №N0115PK00180 «ҚР үдемелі индустриалды-инновациялық даму кезеңінде ауылшаруашылығы саласын қаржылық қамтамасыз ету жолдары» ынталы тақырыбы тіркелді. Осы тақырып бойынша 2015-2017 жж. арналған жоспары жасалып бекітілді. Жоспарға сай жұмыстар атқарылып келеді. Тақырыпта ҚР-сының Заңдары, нормативтік актілері, қаулылары, заңнамалары ережелері, отандық, шетелдік ғылыми басылымдардағы ақпараттар, лицензиялар патенттер және мерзімді баспалардағы деректер зерделеніп, талдау жүргізіліп нәтижесі бойынша ғылыми мақалалар жарияланды және оның есебі жасалды (мақалатізімдері):

- 2015 жылы 6 мақала
- 2016 жылы 7 мақала
- 2017 жылы 9 мақала халықаралық конференциялар материалдарында жарық көрді.

2. Оқу процесі мен өндіріс орындарына (мекеме, мектепжәнебасқа да түрлері) ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерін енгізу

Жас магистр Абилгазиевтің Ш.Е «Мемлекеттік мекемелерде қоғамдық секторға арналған халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолдану жағдайында есеп жүйесін жетілдіру мәселелері» атты Жас ғалымдардың «Ғылым және білім-2015» атты X Халықаралық ғылыми конференциясында (Астана 2015 жылғы Ақпан) жарияланған мақала «Қаржылық есептілік» пәніне ендірілді.

(ҚР ҰҒТА орталығында №N0115PK00180 18.02.2015 жылы тіркелген «ҚР үдемелі индустриалды-инновациялық даму кезеңінде ауыл шаруашылығы саласын қаржылық қамтамасыз ету жолдары» ынталы зерттеу жұмысының нәтижелері «Компанияның қаржылық есептілігі және ХҚЕС» пәні бойынша, Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары –тақырыбында оқу процесіне ҒЗЖ ендірілді. Мұнда қаржылық есеп стандарттарына сипаттама беріліп, оны Қазақстанда қолданудың тұжырымдамалы қарастырылады және қолданудың екі жолы ұсынылады: негіз ретінде ұлттық стандартты өңдеу үшін қолдану; қаржылық есептілікті құру үшін маңызды қоғамдық шаруашылық субъектілер өз бетінше қолданылады.

Жалпы оқу процесіне ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша 2015-2016жж – 6,

2016-2017жж I жарты жылдығында – 4 зерттеу жұмысының нәтижесі ендірілді.

3. Конференция, семинар және дөңгелек үстелдер.

№	Аты, жөні	Жарияланған мақалалар	Шыққан жылы
1	Балабекова Д.Б.	Инновационное развитие сельского хозяйства РК: проблемы и приоритеты	«Қазақстан –рухани жаңғыру жолында: дамуы мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-

			тәжірибелік конференцияның еңбектері Шымкент 2017 желтоқсан
2	Балабекова Д.Б., Ризаходжаев А.А.	Ауылшаруашылығында корпоративті басқарудың алғы шарттарын әзірлеу және іске асыру қажеттілігі	«Қазақстан – рухани жаңғыру жолында: дамуы мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері Шымкент 2017 желтоқсан
3	Балабекова Д.Б., Жұрынов Ғ.М., Байтанаев Е.Б.	Ауыл халқының тұрмыс деңгейін бағалау	«Қазақстан – рухани жаңғыру жолында: дамуы мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері Шымкент 2017 желтоқсан
4	Балабекова Д.Б., Егембердиев М.	Салық және салық салу жүйесі	«Қазақстан – рухани жаңғыру жолында: дамуы мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері Шымкент 2017 желтоқсан
5	Башпанов О.Р.	Инновация – экономиканы алға тартудың негізгі шарты	«Қазақстан – рухани жаңғыру жолында: дамуы мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері Шымкент 2017 желтоқсан
6	Усупов Т.Ж., Башпанов О.Р.	Еңбекақы төлеудің функциялары мен қағидалары	«Қазақстан – рухани жаңғыру жолында: дамуы мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері Шымкент 2017 желтоқсан
7	Оңғарова Г.Т., Бекманова Н.М.	Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың инновациялық бағыттары	«Қазақстан – рухани жаңғыру жолында: дамуы мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері Шымкент 2017 желтоқсан
8	Оңғарова Г.Т.	Нарықтық экономика жағдайында баға құрудың әдістері	«Қазақстан – рухани жаңғыру жолында: дамуы мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері Шымкент 2017 желтоқсан
9	Каукешова Р.М.	ҚР салық жүйесінің реформалары	«Қазақстан – рухани жаңғыру жолында: дамуы мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері Шымкент 2017 желтоқсан

09.12.2015 ж. Университетте өткен «Білім-Ғылым-Өндіріс»-Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың жаңа заманауи тәсілдері атты дөгелек үстел ұйымдастырылды. Оған кафедра өзтарапынан Шымкент қалалық жұмыспен қамту орталығының директорының орынбасары Бейсебаева Салтанат Нұрғалиқызы шақырылып, оған

студенттер тарапынан қойылған көптеген өзекті сұрақтарға толыққанды жауап беріп отырды. Жұмыс пенқамту 2020 бағдарламасы-жастар арасында жұмыссыздық деңгейін азайту, жас мамандарды әлеуметтік қолдау шаралары, жұмыспен қамтуға бағытталған мемлекеттік саясаттың жан-жақты маңыздылығы көрсетілді.

4. Қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары.

29.12.2016ж кафедра Шымкент қаласы «Вельмаст» жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен 1 млн.теңгеге бағаланған «Қызмет көрсету бойынша шығындарды азайту және өндірістің тиімділігін арттыру» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргізуге 1 жылға келісім-шарт жасады (Келісім-шарт №1). Осы тақырып бойынша күнтізбелік жоспар, орындаушылар тізімі жасалып бекітілді. Бұл зерттеу жұмысынаа студенттер тартылды.

5. Профессор-оқытушылардың біліктілігін арттыру.

Кафедра 2014-2015жж. қайта құрылуына байланысты 2014-2019жж аралығына біліктілікті көтеру курстарына бару жоспары жасалған. Бұл жоспар әр оқу жылының басында толықтырылып тұрады. 2014-2015 оқу жылында 3 оқытушы, 2015-2016 оқу жылында 4 оқытушы, 2016-2017 оқу жылының I жартысында 6 оқытушы, 2017-2018 оқу жылының I жартысында 1 оқытушы жүргізетін сабақтар бейініне сәйкес біліктілікті арттыру курстарынан өтті.